

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 мамырдағы № 394 Қаулысы

Қоғамдық тәртіпті сақтауды күшайту және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық
органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі
адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына мынадай
өзгерістер

енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы
органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық
бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының
лимиттеріндегі:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және
оган ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде
: »

деген

2 - бөлімде:

3-бағандагы «112529» деген сандар «112763» деген сандармен ауыстырылсын;

«Облыстық бюджеттер мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың
бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы, оның
ішінде:» деген жолда «46310» деген сандар «46544» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қарағанды облысының Ішкі істер департамент!» деген жолдағы «5051» деген
сандар «5083» деген сандармен ауыстырылсын;

«Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті» деген жолдағы «1726» деген
сандар «1928» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Қосымша санды ұсташа өнірлердің жергілікті бюджеттерінде Қазақстан
Республикасы Ішкі істер министрлігіне көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады
деп

белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов